

"Сапа саласындағы жетістіктері үшін" Қазақстан Республикасы Президентінің сыйлығын алуға арналған конкурс және "Алтын Сапа" республикалық көрме-конкурсы туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 19 қыркүйектегі N 879 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

"Сапа саласындағы жетістіктері үшін" Қазақстан Республикасы Президентінің сыйлығын алуға арналған конкурс және "Алтын Сапа" республикалық көрме-конкурсы туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

**Қазақстан Республикасының**

*Премьер-Министрі*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" Қазақстан Республикасы Президентінің сыйлығын алуға арналған конкурс және "Алтын сапа" республикалық көрме-конкурсы туралы**

**Қ А У Л Ы                  Е Т Е М И Н :**

1. 2006 жылдан бастап жыл сайынды "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" Қазақстан Республикасы Президентінің сыйлығын алуға арналған конкурс және "Алтын Сапа" республикалық көрме-конкурсы тағайындалсын.

2. Қосымшаға сәйкес құрамда "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" Қазақстан Республикасының Президенті сыйлығының лауреаттары атағын және "Алтын Сапа" республикалық көрме-конкурсының дипломанттары атағын беру жөніндегі комиссия құрылсын.

**3 .                  Қ оса                  б е р і л і п                  отыраған :**

1) "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" Қазақстан Республикасы Президентінің сыйлығын алуға арналған конкурсты өткізу және лауреаттар атағын беру ережесі;

2) "Алтын Сапа" республикалық көрме-конкурсын өткізу және дипломанттар атағын                  б е р у                  е р е ж е с і ;

3) "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" Қазақстан Республикасының Президенті сыйлығының лауреаттары атағын және "Алтын Сапа" республикалық көрме-конкурсының дипломанттары атағын беру жөніндегі комиссия туралы ереже бекітілсін .

4. Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері жыл сайынды "Алтын Сапа

"өнірлік көрме-конкурстарын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі шаралар қабылдасын.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлық ресми жарияланғаннан кейін бір ай мерзімде белгіленген тәртіппен:

1) "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" Қазақстан Республикасы Президентінің сыйлығын алуға арналған конкурсқа қатысушылардың материалдарын ресімдеу, ұсыну және алдын ала бағалау ережесін;

2) "Алтын Сапа" өнірлік және республикалық көрме-конкурсына ұсынылатын өнімді сараптамалық бағалау материалдарын ресімдеу, ұсыну және алдын ала бағалау ережесін әзірлесін және бекітсін.

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықты іске асыру жөніндегі өзге де шаралар қабылдастын.

7. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігінен жүктелсін.

8. Осы Жарлық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2006

жылғы

"                 №"

N

Жарлығына

Косямша

**"Сапа саласындағы жетістіктері үшін" Қазақстан Республикасының Президенті сыйлығының лауреаттары атағын және "Алтын сапа" республикалық көрме-конкурсының дипломанттары атағын беру жөніндегі комиссияның кұрамы**

Жақсыбеков

- Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің Басшысы,

Әділбек Рыскелдіұлы

төраға

- Қазақстан Республикасының Индустрія және сауда министрі,

Школьник

Владимир Сергеевич

төрағаның орынбасары

- Қазақстан Республикасының Индустрія және сауда министрі,

Ахметов

- "Атамекен" Қазақстан жалпыұлттық кәсіпкерлер мен жұмыс берушілер одағының басқарма төрағасы,

Серік Нығметұлы

төрағаның орынбасары

|                         |   |
|-------------------------|---|
| Мұхамбетов              | - Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің төрағасы, хатшы |
| Әйтімова                | - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі   |
| Бірғаным Сарықызы       | - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі   |
| Досаев                  | - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі   |
| Ерболат Асқарбекұлы     | - Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі  |
| Есімов                  | - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі   |
| Ахметжан Смағұлұлы      | - Қазақстан Республикасының Үсік  |
| Ертісбаев               | - Қазақстан Республикасының Нұрлан Әбділдәүлі   |
| Ермұхамет Қабиденұлы    | - Қазақстан Республикасының Мамин   |
| Ізмұхамбетов            | - Қазақстан Республикасының Асқар Ұзақбайұлы  |
| Бақтықожа Салахатдинұлы | - Қазақстан Республикасының Сағынтаев   |
| төрағасы                | - Қазақстан Республикасының Бақытжан Әбдірұлы   |
| Кұсайынов               | - Қазақстан Республикасының Марат Әпсеметұлы  |
| Марат Әпсеметұлы        | - Қазақстан Республикасының Радостовец  |
| вице-министрі           | - Қазақстан Республикасының Николай Владимирович  |
|                         | одағының төрағасы   |
| Галимов                 | - Қазақстан құрылышшылары   |
| Фарид Хабибрахманович   | қауымдастырының президенті  |
| Попелюшко               | - Қазақстан тамақ және қайта өндешеу  |
| Анатолий Висханович     | өнеркәсібінің тауар өндірушілері  |
| одағының президенті     |   |
| Пішембаев               | - Қазақстан машина жасаушылар   |
| Мейрам Құдайбергенұлы   | одағының басқарма төрағасы  |
| Тілеубаев               | - Қазақстан Астық одағының  |
| Нұрлан Сақтапбергенұлы  | президенті  |
| Соловьева               | - Қазақстан Сүт одағының тәң  |
| Айгүл Сағадибекқызы     | төрайымы  |

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

2006

жылғы

"№"

N

Жарлығы мен

бекітілген

### **"Сапа саласындағы жетістіктері үшін"**

**Қазақстан Республикасы Президентінің  
сыйлығын алуға арналған конкурс өткізу  
және лауреат атағын беру ережесі**

1. "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" Қазақстан Республикасы Президентінің сыйлығы (бұдан әрі - сыйлық) ұйымның өнімнің және/немесе қызметтердің сапасы, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында айтартлықтай нәтижелерге қол жеткізгені үшін, сондай-ақ ұйымның сапаны басқарудың тиімділігі жоғары әдістерін енгізгені үшін конкурстық негізде жыл сайын беріледі.

2. "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" Қазақстан Республикасының Президенті сыйлығының лауреаты атағын және "Алтын Сапа" респубикалық көрме-конкурсының дипломанты атағын беру жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) осы Ереженің 5-тармағында көзделген алты номинациядағы екі санат бойынша жыл сайын сыйлықтар береді.

Комиссия шешімінің негізінде конкурстың жеңімпаздарына сыйлық лауреаты атағы беріледі.

3. Сыйлық алуға арналған конкурсты (бұдан әрі - конкурс) ұйымдастыру тиісті қаржы жылына арналған респубикалық бюджетте осы мақсаттарға көзделген қаражат есебінен және оның шегінде жүзеге асырылады.

4. Сыйлық алуға Қазақстан Республикасының аумағында тауарлар өндірумен (қару-жарақ пен әскери техника өндіруді қоспағанда), қызметтер көрсетумен айналысатын заңды тұлғалар үміткер бола алады.

5. Конкурсқа қатысушылар Комиссияға кемінде үш жыл ішінде шығарылатын өнімнің немесе көрсетілетін қызметтің жоғары сапасын растауға тиіс.

Ұйымдар конкурсқа мынадай номинациялар бойынша қатысады:

- 1) "Өндірістік мақсаттағы үздік кәсіпорын";
- 2) "Халық тұтынатын тауарларды шыгаратын үздік кәсіпорын";
- 3) "Қызметтер көрсететін үздік кәсіпорын".

Әр номинация бойынша мынадай санаттар бойынша екі сыйлық беріледі:

- 1) шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі;
- 2) ірі кәсіпкерлік субъектісі.

6. Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігі сыйлық алуға

арналған конкурстың ұйымдастырушысы (бұдан әрі - конкурсты ұйымдастырушы)  
б о л ы п т а б ы л а д ы .

7. Сыйлықты алуға оны белгілі бір номинацияда алғаннан кейін екі жыл ішінде оған  
қайта ұсунуға жол берілмейді.

3. Ұйымдардың конкурсқа ұсынылған сапа саласындағы жұмыс нәтижелері бұл  
нәтижелердің конкурсқа қатысуға өтініш берілгенге дейінгі кемінде үш жыл бұрын  
практикада іске асырылуы шартымен қарауға қабылданады.

9. Конкурсты ұйымдастыруши жыл сайын кезекті конкурс өткізілетін жылдың  
алдындағы жылдың желтоқсанында осы конкурсты өткізу туралы бұқаралық ақпарат  
құралдарында жариялады.

10. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген заңды тұлғалар "Сапа саласындағы  
жетістіктері үшін" Қазақстан Республикасы Президентінің сыйлығын алуға арналған  
конкурсқа қатысушылардың материалдарын ресімдеу, ұсыну және алдын ала бағалау  
ережесіне сәйкес материалдарды ресімдейді және тиісті жылдың 30 қыркүйегінен  
кешіктірмей конкурсты ұйымдастырушиға береді.

11. Конкурсты ұйымдастыруши конкурсқа қатысушылар ұсынған материалдарды  
және алдын ала қорытындыны Комиссияның қарауына ұсынады.

12. Комиссия осы Ереженің 11-тармағында көрсетілген құжаттардың және  
Комиссия отырысы хаттамасының негізінде конкурсқа қатысушыларға сыйлық  
лауреаттары атағын беру туралы шешім қабылдайды.

13. Сыйлық лауреаты атағына ие болған конкурсқа қатысушыларға сыйлық беріледі  
, диплом мен конкурстың эмблемасы тапсырылады.

14. Конкурсқа қатысушыларға сыйлық лауреаттары атағын беру рәсімі салтанатты  
түрде жыл сайын өткізіледі және Дүниежүзілік сапа күніне арналады (қарашаның  
екінші бейсенбісі).

15. Сыйлық лауреаты атағына ие болған конкурсқа қатысушылардың тізімі  
бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

16. Сыйлық лауреаты атағына ие болмаған конкурсқа қатысушылар сапа  
саласындағы қызметтің жетілдіру жөнінде Конкурсты ұйымдастыруышыдан ұсынымдар  
а л а д ы .

17. Сыйлық лауреаты атағына ие болған конкурсқа қатысушылар сыйлық  
берілгеннен кейін екі жыл ішінде сыйлық эмблемасын жарнамалық мақсатта пайдалану  
құқығына ие болады.

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2006

жылғы

" — № " —

N

Жарлығына

Косымша

## **"Алтын Сапа" респубикалық көрме-конкурсын өткізу және дипломант атағын беру ережесі**

1. Қазақстан Республикасы Индустрология және сауда министрлігі "Алтын Сапа" респубикалық көрме-конкурсын (бұдан әрі - конкурс) ұйымдастыруши (бұдан әрі - өнірлік конкурсты ұйымдастыруши) болып табылады, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері "Алтын Сапа" өнірлік конкурсының ұйымдастырушылары (бұдан әрі - өнірлік конкурсты ұйымдастырушылар) болып табылады.

2. Конкурстың негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

1) занды және жеке тұлғалардың отандық өнімнің сапасын арттыруға бағытталған жұмысын жаңадауры;

2) Қазақстан нарығын жоғары сапалы және бәсекеге қабілетті өнімдермен толықтыруға жәрдемдесу;

3) отандық және халықаралық стандарттар негізінде сапаны басқару мен қамтамасыз етудің қазіргі заманғы әдістерін кеңінен енгізуге алғышарттар жасау және оған жәрдемдесу;

4) сапа проблемаларын шешу қажеттілігіне мемлекеттік органдардың, өнеркәсіптік, коммерциялық және қоғамдық ұйымдардың назарын аудару;

5) халық арасына сапа идеяларын кеңінен таныту.

### **3. Мынада:**

1) Қазақстан Республикасы аумағында өнеркәсіптік, азық-түлік тауарларын және өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдерді өндіруді жүзеге асыратын;

2) конкурсты ұйымдастыруши растаған өнім сапасының тұрақты жоғары деңгейін және оны жүйелі түрде жақсартуды қамтамасыз ету бойынша оң нәтижелері бар занды тұлға немесе жеке кәсіпкер конкурска қатысуши бола алады.

4. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген занды тұлға немесе жеке кәсіпкер "Алтын Сапа" өнірлік және респубикалық көрме-конкурсына ұсынылатын өнімді сараптамалық бағалау материалдарын ресімдеу, ұсыну, алдын ала бағалау ережесіне сәйкес материалдарды ресімдейді және тиісті жылдың 30 қыркүйегінен кешіктірмей конкурсты ұйымдастырушуға береді.

5. Конкурс мынадай үш номинация бойынша жүргізіледі:

- 1) "Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар";
- 2) "Халық тұтынатын үздік тауарлар";
- 3) "Тамақ өндірудегі үздік тауарлар".

6. Конкурс Комиссия шешімімен бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес өткізіледі

"Алтын Сапа" өнірлік көрме-конкурстарын (бұдан әрі - өнірлік конкурстар) ұйымдастырушылар тиісті жылдың 30 қыркүйегінен кешіктірмей конкурсты

ұйымдастырушыға өнірлік конкурстар женімпаздарының қажетті құжаттарын жібереді.

Өнірлік конкурстардың женімпаздары республикалық конкурсқа қатысады.

7. Конкурсты ұйымдастырушы өнірлік конкурс женімпаздарының материалдары мен алдын ала қорытындыны Комиссияның қарауына ұсынады.

8. Комиссия осы Ереженің 7-тармағында көрсетілген құжаттардың негізінде, "Алтын Сапа" республикалық көрме-конкурсының дипломанттары (бұдан әрі - конкурс дипломанттары) атағын беру туралы шешім қабылдайды.

Конкурстың әр номинациясында қосымша, бірақ екіден аспайтын конкурс дипломанттары атағы берілуі мүмкін.

9. Конкурс дипломанттары әр номинацияда "Алтын Сапа" республикалық көрме-конкурсының I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

10. Конкурс дипломанттарының тізімі бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

11. Конкурс дипломанттары екі жыл ішінде конкурстың эмблемасын жарнамалық мақсатта пайдалану құқығына ие болады.

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2006

жылғы

"— № —————

N —————

Жарлығы мен

бекітілген

**"Сапа саласындағы жетістіктері үшін" Қазақстан Республикасының Президенті сыйлығының лауреаттары атағын және "Алтын Сапа" республикалық көрме-конкурсының дипломанттары атағын беру жөніндегі комиссия туралы ереже 1. Жалпы ережелер**

1. "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" Қазақстан Республикасының Президенті сыйлығының лауреаттары атағын және "Алтын Сапа" республикалық көрме-конкурсының дипломанттары атағын беру жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады және мемлекеттік басқару органдарының басшыларынан, сапаны басқару саласындағы жетекші ғалымдар мен мамандардан, қоғамдық бірлестіктердің өкілдерінен құралады.

Комиссияның дербес құрамын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Зандарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

## **2. Комиссияның міндеттері мен құқықтары**

### **3. Комиссияның міндеттері:**

- 1) "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" Қазақстан Республикасы Президентінің сыйлығын алуға арналған конкурсқа және "Алтын Сапа" республикалық көрме-конкурсына (бұдан әрі - конкурстар) қатысу үшін өтінімдер берген қатысушылардың материалдарын қарау;
- 2) конкурстарға қатысушыларды бағалауды жүргізу және үміткерлерді іріктеу;
- 3) конкурстардың лауреаттарын және дипломанттарын анықтау.

### **4. Комиссия өз міндеттеріне сәйкес:**

- 1) мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасауға құқығы бар;
- 2) Комиссияның жұмыс органынан Комиссияның міндеттерін іске асыру үшін қажетті қосымша материалдарды сұрауға және алуға құқығы бар;
- 3) Комиссияға жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін қажетті өзге де құқықтарға ие.

## **3. Комиссияның қызметін ұйымдастыру**

### **5. Комиссияның құрамына:**

- 1) Комиссияның төрағасы;
- 2) Комиссия төрағасының орынбасарлары;
- 3) Комиссияның хатшысы;
- 4) Комиссияның мүшелері кіреді.

6. Комиссияның төрағасы оның қызметін басқарады, отырыстарында төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуын жалпы бақылауды жүзеге асады.

Комиссия төрағасы болмаған уақытта оның функцияларын өзі тағайындаған орынбасары орындаиды.

Комиссияның төрағасы конкурстарда көзделген эмблемаларды, сыйлықты және дипломды бекітеді.

7. Комиссияның хатшысы жұмыс органы дайындаған құжаттар мен материалдарды Комиссияның мүшелеріне қарауға ұсынады.

8. Комиссияның жұмыс органы болып табылатын Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігіне мынадай функциялар жүктеледі:

- 1) бұқаралық акпарат құралдары және жұмыс органының ресми веб-сайты арқылы конкурстардың өткізілу мерзімі мен шарттары-туралы хабарлау;
- 2) конкурстарға қатысушылардан келіп түсетін материалдарды қабылдау және конкурстарға одан әрі қатысу үшін ұйымдарды іріктеу;

3) сапа менеджменті жүйелерін сертификаттау жөніндегі сарапшы-аудиторлары мен тиісті білім саласындағы мамандарды, сондай-ақ құрылатын сараптамалық топтарды тарта отырып, келіп түскен материалдарды сараптауды қоса алғанда, оларды алдын ала

қ а р а у ;

4) Комиссия отырыстарын дайындау, ұйымдастыру;

5) конкурстардың жеңімпаздарын марапаттау ресімін ұйымдастыру;

6) конкурстар жеңімпаздарының тәжірибесін таратуға жәрдемдесу.

9. Комиссия жыл сайын конкурстарды ұйымдастыру және өткізу бойынша тиісті жылға арналған іс-шаралар жоспарын анықтайды және бекітеді.

10. Комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде жарты жылда бір рет өткізіледі. Комиссияның отырысы Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда заңды болып саналады.

11. Конкурс жеңімпаздары атағын беру туралы түпкі шешімді ашық дауыс беруді жүргізу жолымен комиссия қабылдайды және егер ол үшін Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысы берілсе, қабылданды деп саналады. Дауыстар тең болған жағдайда, төраға дауыс берген шешім қабылданды деп саналады. Шешім отырыстың хаттамасымен ресімделеді және оған Комиссияның барлық қатысқан мүшелері қол қояды. Комиссияның шешімі ресми басылымда жарияланады.

12. Конкурстардың жеңімпаздарына сыйлық пен дипломдарды беру Дүниежүзілік сапа күніне (қарашаның екінші бейсенбісі) орайластырылған салтанатты жағдайда жүзеге асырылады .

Конкурс материалдарында қамтылған және жергілікті жерлердегі сараптама барысында алынған ақпарат құпия болып табылады және конкурсаннты бағалаудан басқа өзге мақсаттар үшін оның жазбаша келісімінсіз пайдаланылмайды.

13. Комиссияның қызметін тоқтату туралы шешімді Қазақстан Республикасының Президенті қабылдайды.